

атаулар Ұлытаудың рухани мәнін ашады. Құттыбай, Жұрынды, Ембастау сияқты атаулар халықтың табиғатқа қатысты дәстүрлі түсініктерін, сакралды кеңістікпен байланысты наным-сенімдерін көрсетеді. Мұндай атаулардың болуы Ұлытаудың түркі дүниетанымында «қасиетті мекен» ретінде орныққанын көрсетеді. Жалпы алғанда, Ұлытау өңірінің ономастикалық жүйесі табиғи, этникалық, саяси, мифологиялық және шаруашылық факторлардың өзара қабаттасуы нәтижесінде қалыптасқан көпқырлы тарихи-мәдени кеңістік болып табылады. Бұл атаулардың әрқайсысы өңір тарихының белгілі бір кезеңін көрсетіп, аймақтың тарихи болмысын сақтап тұрған құнды дерек көзіне айналады. Зерттеу нәтижелері Ұлытау топонимдері арқылы қазақ халқының этногенезін, тарихи жадын, рухани дүниетанымын және мәдени тағдырын тереңірек түсінуге болатынын дәлелдейді.

Зерттеу барысында Ұлытау өңірінің ономастикалық картасы - тарихи, мәдени және табиғи факторлардың біртұтас көрінісі екені айқындалды. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге өңірдің этникалық тарихын, тайпалық құрылымын, шаруашылық дәстүрлерін және рухани мәдениетін сақтап келгені анықталды. Кеңгір, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Кішітау, Арғанаты сияқты атаулар табиғи ландшафт пен су көздерінің ерекшеліктерін білдірсе, Талдысай, Жезді, Байқоңыр сияқты ономастикалық нысандар адамзаттың еңбек мәдениеті мен металлургиялық дәстүрін көрсетеді. Сонымен қатар, Жошы, Алаша, Тоқтамыс сияқты тарихи тұлғалардың аттары мен этнопонимдер Ұлытаудың саяси және әлеуметтік маңызын айқындайды. Бұл атаулар халық жадында сақталған тарихи символдар ретінде ғана емес, тарихи кезеңдердің куәсі ретінде де маңызды. Мифологиялық және аңыздық атаулар (Құттыбай, Жұрынды, Ембастау) өңірдің рухани мәнін аша отырып, түркі халықтарының табиғатқа және кеңістікке деген көзқарасын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ұлытау ономастикасы тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен бірге тарихи-мәдени сабақтастықтың, этнографиялық дәстүрлердің және экономикалық өмірдің көрінісі болып табылады. Бұл атаулар арқылы өңірдің ежелгі замандардан бері қалыптасқан әлеуметтік құрылымын, тайпалар арасындағы өзара қатынастарды, халықтың табиғатпен және кеңістікпен байланысын түсінуге болады. Қорыта айтқанда, Ұлытау өңіріндегі жер-су атауларын зерттеу тек топонимиялық деректерді жинақтаумен шектелмей, қазақ халқының тарихи жадын, мәдени дәстүрін және рухани мұрасын танудың маңызды құралы болып отыр. Мұндай зерттеулер ұлттық тарихты тереңірек түсінуге, тілдік және мәдени саясатты нығайтуға, сондай-ақ өңірдің ғылыми, тарихи және мәдени әлеуетін сақтау мен дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлжанов Т.М., Сәтбаева М.К. Қаныш Сәтбаев - қазақ елінің тұлғасы. Алматы: Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2002. 164 б.
2. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер-судың аты - тарихтың хаты: ересек балаларға арналған танымдық кітап. Алматы: Балауса, 1994. 64 б.
3. Әбілғазы «Түрік шежіресі». Алматы: «Ана тілі», 1992. - 203 б.
4. Мұхтар Бакытұлы. *Кочевническая история Ұлытау*. Алматы: Ridero, 2021. 364 б.
5. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.
6. Акишев К.А. Перспективы изучения позднесредневековых городов Казахстана. В книге: Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983.

К.М. БАЙПАКОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАРШРУТТАРЫ МЕН ТАРМАҚТАРЫ

Аманғалиев М.Ж.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

Электрондық адресі: amangalievmediar80@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан аумағы арқылы өткен Ұлы Жібек жолының тарихи эволюциясы, оның бағыттары мен тармақтарының қалыптасуы, сондай-ақ ортағасырлық қалалардың дамуына тигізген ықпалы қарастырылады. Зерттеудің негізгі өзегі - К.М. Байпаков еңбектеріне сүйене отырып, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Сырдария бойы және Сарыарқа аумақтарындағы керуен жолдарының құрылымы мен тарихи маңызын ашу. Ежелгі дәуірде Еуразия кеңістігіндегі сауда айырбас сипатында қалыптасып, кейін тұрақты сауда жүйесіне айналғаны көрсетіледі. Сауда

байланыстарының күрделенуі нәтижесінде Жібек жолы тоғысқан кең ауқымды коммуникациялық желі қалыптасқан. Жібек жолының б.з.д. I ғасырға дейінгі бірінші кезеңінде Қытайдан үш негізгі тармаққа бөлінген жолдың рөлі сипатталады. VI-VII ғасырларда Түрік қағанаттарының күшеюі Жібек жолының Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға ауысуына әкелді. Осы кезеңнен XV ғасырдың алғашқы жартысына дейін Қазақстан шығыс пен батыс арасындағы транзиттік аймақ болды. Испиджаб, Тараз, Отырар, Алматы сияқты қалалар халықаралық сауда мен мәдениеттің тоғысқан ортасы болды. Жібек жолының саяси жағдайлар мен әскери қақтығыстар әсерінен өзгергені айтылып, моңғол шапқыншылығының қала мәдениетіне тигізген ықпалы да қамтылады.

Кілт сөздер: Ұлы Жібек жолы, керуен маршруттары, Жетісу қалалары, Отырар, Испиджаб, Тараз, сауда байланыстары, орта ғасырлар, қалалық мәдениет, экономикалық интеграция.

Аннотация. В данной статье рассматривается историческая эволюция Великого шелкового пути, его направления и ветви, а также влияние на развитие средневековых городов, проходящих через территорию Казахстана. Основное внимание уделяется работам К.М. Байпакова, на основе которых раскрывается структура и историческое значение караванных путей Жетысу, Южного Казахстана, Сырдарьи и Сарыарки. В древности торговля в Евразийском пространстве начиналась как обмен, а затем превратилась в устойчивую торговую систему. Усложнение торговых связей привело к формированию широкомасштабной коммуникационной сети, пересекающей Шелковый путь. В первом этапе Шелкового пути, до I века до н.э., рассматривается роль дорог, которые от Китая разделялись на три основных ветви. В VI-VII веках усиление Тюркского каганата привело к переносу основного маршрута Шелкового пути в Жетысу и Южный Казахстан. С этого периода до первой половины XV века Казахстан стал основным транзитным регионом, соединяющим Восток и Запад. Города, такие как Испиджаб, Тараз, Отырар, Алматы, стали центрами международной торговли и культурных обменов. Также рассматривается влияние политических условий и военных конфликтов на изменение направлений Шелкового пути, а также разрушительное воздействие монгольского вторжения на городскую культуру.

Ключевые слова: Великий Шелковый путь, караванные маршруты, города Жетысу, Оtrar, Испиджаб, Тараз, торговые связи, Средневековье, городская культура, экономическая интеграция.

Abstract. This article examines the historical evolution of the Silk Road, its routes and branches, as well as its impact on the development of medieval cities located along its path through Kazakhstan. The focus is on the works of K.M. Baipakov, which reveal the structure and historical significance of the caravan routes in Zhetysu, South Kazakhstan, the Syrdarya region, and Saryarka. In ancient times, trade in the Eurasian space began as barter, and later evolved into a stable trade system. The complexity of trade connections led to the formation of a large-scale communication network intersecting the Silk Road. The first phase of the Silk Road, before the 1st century BC, is characterized by the role of roads that split into three main branches from China. In the 6th-7th centuries, the strengthening of the Turkic Khaganate led to the shift of the main Silk Road route to Zhetysu and South Kazakhstan. From this period until the first half of the 15th century, Kazakhstan became the main transit region connecting the East and the West. Cities such as Isfijab, Taraz, Otrar, and Almaty became centers of international trade and cultural exchanges. The article also explores how political conditions and military conflicts influenced changes in the directions of the Silk Road, as well as the destructive impact of the Mongol invasions on urban culture.

Keywords: Silk Road, caravan routes, Jetisu cities, Otrar, Isfidjab, Taraz, trade networks, Middle Ages, urban culture, economic integration.

Кіріспе. Еуразия кеңістігіндегі халықаралық сауда ең алғаш айырбас сипатында қалыптасып, уақыт өте келе ақша қатынастарына негізделген тұрақты сауда жүйесіне айналды. Әртүрлі өңірлерде өндірілген тұз, лазурит, нефрит, бағалы металдар, мал мен қолөнер бұйымдары алыс аймақтарға жеткізіліп отырды. Сауда байланыстарының кеңеюі жеке жолдардың бірігуіне әкеліп, осылайша Еуразияда Лазурит, Нефрит және Соболь жолдары тоғысқан күрделі коммуникациялық жүйе қалыптасты. Жібек жолы жүйесі бүкіл денені қоректендіріп тұратын адамның тармақталған қан айналым жүйесіне ұқсас болды. Бұл кең ауқымды жолдар торабы халықтарға ғылыми білім, мәдени және діни идеялар алмасуға мүмкіндік берді [1, 39 бет].

Қазақстан аумағы бұл жүйенің географиялық және стратегиялық тұрғыдан ең маңызды бөлігінің бірі саналады. Өйткені Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Сырдария бойы және Орталық аймақтар арқылы өткен керуен жолдары Қытайды Орта Азиямен, Таяу Шығыс пен Еуропамен тікелей байланыстырды. Ежелгі дәуірден бастап ортағасырдың соңына дейін Қазақстан жеріндегі қала мәдениеті, қолөнер, металлургия, егіншілік және сауда салалары Жібек жолының ықпалымен қалыптасып, дамыды. Дегенмен, Жібек жолының рөлі тек экономикалық тұрғыда шектелмей,

аймақаралық дипломатиялық қатынастарды, діни ағымдардың таралуын, технологиялық жаңалықтарды және мәдени өзара әрекеттесуді де қалыптастырды.

Оңтүстік Қазақстан ерекше тығыз керуен бекеттері мен қалалық орталықтарымен ерекшеленді. Испиджаб (Сайрам), Тараз, Отырар, Шавгар, Газгирд сияқты қалалар сауда ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен білімнің орталығы болды. Бұл жолдарды зерттеу ортағасырлық қалалық өмірді, қоныстану үлгілерін қалпына келтіруге және Қазақстан қалаларының ұзақ қашықтықтағы саудадағы стратегиялық маңызын бағалауға мүмкіндік береді. Сол себепті Қазақстан арқылы өткен Жібек жолының тарихын қарастыру тарихи, археологиялық және мәдени зерттеулер үшін өзекті мәселе болып табылады.

К.М. Байпаков бастаған зерттеушілердің еңбектері Қазақстан аумағындағы Жібек жолының бағыттарын жаңаша зерделеуге мүмкіндік беріп, оның саяси, экономикалық және мәдени эволюциясын жан-жақты сипаттады. Осы мақалада Жібек жолының Қазақстан территориясындағы негізгі тармақтары, олардың тарихи кезеңдердегі өзгерісі және аймақ қалаларының өркениеттік дамудағы рөлі жан-жақты қарастырылады.

Әдістеме. Мақалада қолданылған әдістеме тарихи-архивтік және салыстырмалы-тарихи тәсілдердің кешенді үйлесіміне негізделген. Зерттеу Қазақстан аумағы арқылы өткен Ұлы Жібек жолының тарихи эволюциясын, оның бағыттары мен тармақтарын, сондай-ақ ортағасырлық қалалардың дамуын жан-жақты талдауға бағытталғандықтан, деректерді жинау мен талдаудың әртүрлі көздерін пайдалану қажеттілігі туындайды. Біріншіден, К.М. Байпаков және әріптестерінің монографиялары, фотоальбомдар мен ғылыми мақалалары негізінде тарихи-архивтік әдіс қолданылды. Бұл әдіс жазба деректер, археологиялық материалдар, нумизматикалық деректер және картографиялық ақпаратты біріктіріп, тарихи жағдайларды реконструкциялауға мүмкіндік береді. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, Қазақстандағы Жібек жолының қалалары мен жол тармақтары басқа Орта Азия мен Шығыс елдеріндегі тарихи деректермен салыстырылды. Бұл тәсіл Жібек жолының аймақаралық байланыстарын, сауда-саяси жағдайларға тәуелді өзгерістерін және қалалық мәдениеттің қалыптасуын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің осы әдістемелік негізі Қазақстан аумағындағы Жібек жолының транзиттік рөлін, ортағасырлық қалалардың тарихи эволюциясын және экономикалық, мәдени байланыстарын кешенді сипаттауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде зерттеу тек сауда жолдарын ғана емес, олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени ықпалын да жан-жақты ашуға бағытталды.

Талқылау. Жібек жолы II-V ғасырларда Шығыстан басталып, Чаньяннан Ланчжоу ауданындағы Хуанхэ өткеліне жететін. Одан әрі Нан-Шаньның солтүстік сілемдерін өтіп, Ұлы Қытай қорғанының батыс беткейіне және «Яшмо қақпалары» заставасына барады. Такла-Макан шөлін айналып өту барысында жол үш тармаққа бөлінеді: солтүстік тармағы Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо арқылы Іле өзені бойына жетсе, ортаңғысы Чаочаннан Қарашар, Ақсу арқылы Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына, оңтүстігі Дунхуан, Хотан, Яркент арқылы Бактрияға және Жерорта теңізіне жетеді. Солтүстік тармақ Қашқардан Ферғанаға, одан әрі Самарқан, Бұхара, Мерв арқылы Хамадан мен Сирияға жетті.

VI-VII ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жаңа жол негізгі сауда бағытына айналды. Бұған түрік қағандарының бақылауы, Ферғанадан өтетін жолдың қауіптілігі және түрік қағандарының теңіз арқылы әкелінетін тауарларға қызығушылығы себеп болды. Осылайша, VII-XIV ғасырларда сауда керуендері негізінен осы бағытты пайдаланған. Жолдың кейбір тармақтары уақыт өте жоғалып кетсе, кейбірі маңызды мәнге ие болды. VI-VIII ғасырларда негізгі бағыт Сирия - Иран - Орта Азия - Оңтүстік Қазақстан - Талас және Шу алқаптары - Ыстықкөл қазаншұңқыры - Шығыс Түркістан арқылы созылды.

Бұдан бөлек, Византиядан Дербент арқылы келетін қосымша жол Каспий, Маңғыстау, Арал және Оңтүстік Қазақстан арқылы негізгі жолға қосылды. Бұл жол Сасанидтік Иранды айналып өту үшін қолданылды, алайда IX-XII ғасырларда тиімділігі төмендеуі болғанымен, XIII-XIV ғасырларда қайта жанданды. VI ғасырда Шығыс және Батыс түрік қағанаттары бөлінген кезде, Жетісу орталыққа айналып, Суяб қаласы астана болды. Жібек жолы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының феодалдық мәдениетінің өркендеуіне елеулі ықпал етті, қалалардың сауда орталықтары ретінде дамуына мүмкіндік берді.

Қазақстандағы Жібек жолы Шаштан (Ташкенттен) Турбат асуы арқылы Испиджабқа өтеді. Испиджаб XI ғасырда Махмұд Қашқаридің еңбегінде Сайрам қаласы деп аталады. Талас алқабындағы Джувиқат ең ірі қала болып, Таразға жол салды. VI ғасырда осы жерде түрік қағаны Иранға қарсы одақ жасау мақсатында Византия елшісін қабылдады. Тараз кейін қарлұқтар мен қараханидтердің сауда орталығы ретінде маңызды болды.

Жол Суябтан Ыстықкөлдің солтүстік және оңтүстік жағалауларымен өтеді. Оңтүстік тармақ Жоғарғы Барысқан қаласын басып өтсе, солтүстік тармақта шағын керуен сарайлары орналасқан. Жол Бедел асуы немесе Ташрабат арқылы Қашғар мен Ақсуға апарады. Ыстықкөл қазаншұңқырынан жол Санташ асуы мен Қарқара алқабы арқылы Іле алқабына жетіп, Өсек пен Қорғас арқылы Алмалыққа және Такла-Макан шөлінің солтүстік етегімен Хами мен Турфан арқылы Дунхуанға, одан әрі Қытайға жалғасады [2, 5 бет].

Жазба деректерге қарағанда, ерте ортағасырлық кезеңде Оңтүстік Қазақстан аумағында алты қала болған. Солардың ішінде «Ақсу бойындағы қала» ретінде белгілі Испиджаб (Сайрам), сондай-ақ Жібек жолының бойында орналасқан Газгирд, Шараб және Будухкет қалалары ерекше аталады. Ал Отрар мен Шавгар бұл кезеңде ірі оазистердің орталығы ретінде дамып, өңірдің урбанистік жүйесінде маңызды рөл атқарған, сонымен қатар далалық және егіншілік аймақтарды байланыстырған стратегиялық қалалық тораптар қызметін атқарған [3, 89 бет].

Ежелгі дәуірде, яғни б.з.д. I ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі кезеңде Жібек жолының негізгі торабы Қытайдың Чаньань қаласынан басталып, Ланчжоу арқылы Тянь-Шаньның солтүстік сілемдерін бойлай жүрді. Дунхуан қаласынан кейін жол үш негізгі тармаққа бөлінді: солтүстік тармақ Хами, Турфан, Бешбалық және Іле өңірі арқылы өтті; орта тармақ Қарашар, Ақсу, Бедел асуы және Ыстықкөл маңымен жалғасты; оңтүстік тармақ Хотан, Яркенд арқылы Үндістан мен Жерорта теңізіне шығатын бағыттарға ұласты. Бұл кезең Қазақстан аумағының халықаралық саудадағы рөлінің қалыптаса бастаған уақыты болды.

VI-VII ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Жібек жолының негізгі магистраліне айналды. Бұл өзгерістердің басты себептеріне Түрік қағанаттарының күшеюі, олардың сауда жолдарын бақылауды қолға алуы, сондай-ақ Ферғана арқылы өтетін бұрынғы бағыттың қауіпті болып қалуы жатады. Түрік билеушілерінің сырттан келетін тауарларға деген жоғары сұранысы да Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік жолдардың маңызын арттырды. Осы кезеңнен бастап XV ғасырға дейін Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Жібек жолының ең белсенді аймақтарының бірі болды.

Жібек жолының бағыттары тарихи жағдайда өзгеріп отырды. VI-VIII ғасырларда негізгі бағыт Сирия, Иран, Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан, Талас, Шу, Ыстықкөл және Шығыс Түркістан арқылы өтті. Византиядан басталып, Дербент, Маңғыстау, Арал маңы және Оңтүстік Қазақстанды байланыстыратын балама дипломатиялық бағыт та жұмыс істеді. Бұл жол Иранды айналып өтуге мүмкіндік бергендіктен саяси маңызы зор болды. IX-XII ғасырларда әлсіреген бұл бағыт XIII-XIV ғасырларда Моңғол империясы тұсында қайта жанданды.

Тараз қаласы Жібек жолының ең маңызды халықаралық орталықтарының бірі саналды. VI ғасырдың өзінде-ақ белгілі болған Таразда 568 жылы Түрік қағаны Дизабул Византия елшілерін қабылдаған. IX-XI ғасырларда қала «купцов город» деп аталып, халықаралық сауда орталығына айналды. Саманидтер, Қарлұқтар мен Қарахан әулеті кезеңінде Тараз ірі әкімшілік, экономикалық және мәдени орталық қызметін атқарды. Тараздың даңқы тек базарымен шектелмеген. Бұл қала алтын, күміс және мыс ақшаларын соғып қана қоймай, халықаралық сауда керуендері тоқтайтын маңызды торап болған [4, 27 бет].

XII-XIII ғасырлар Жібек жолы қалаларының құлдырау кезеңі болды. Біріншіден, Хорезмшах Мухаммадтың оңтүстік өңір қалаларына қарсы жүргізген жою саясаты Испиджаб, Тараз, Сауран, Фараб сияқты орталықтардың әлсіреуіне әкелді. Екіншіден, 1218-1220 жылдардағы моңғол шапқыншылығы қалаларды толық күйретіп, урбанистік өмірдің тоқтап қалуына себеп болды. XIV ғасырдың ортасынан бастап Талас-Жетісу өңіріндегі қалалардың көпшілігі өмір сүруін тоқтатты [6, 38 бет].

Зерттеулерге сәйкес, Баласағұннан басталған тармақ Қастек асуына шығып, Урун-Ардж (қазіргі Узун-Ағач) жоталарын кесіп өтеді. Бұл бағыт VII-VIII ғасырлардан бастап белгілі болған және Қастек-Қаскелен арқылы Алматы мен Талхир қалаларына жеткен. Келесі маңызды маршрут Кулан мен Аспарадан Іле аңғарына өтетін жол болып, ол Шу өзенінің орта және төменгі ағысы қалаларына шығып, Ташуткүл өткелі арқылы Ілеге бағытталған. Осы бөлік арқылы Алматы, Талхир, Ілі-Оғыз, Қаялық және Ілан-Балық сияқты ірі орталықтар қалыптасқан.

Жібек жолының Жетісудағы ең ірі орталықтарының бірі - Талхир қаласы (қазіргі Талғар). Талхир арқылы өткен жол екі негізгі тармаққа бөлінген: оңтүстік бағыт - Іле арқылы Алмалыққа шығатын жол; солтүстік бағыт - Алакөл мен Жоңғар қақпасына өтетін тармақ. Бұл тармақтар арқылы қала Қытай, Иран, Үндістан, Жапония және Мавераннахр мемлекеттерімен тұрақты халықаралық байланыста болған. Байпақов анықтаған бұл маршруттар Жетісу өңірінің ортағасырлық Қазақстандағы ең дамыған урбанистік және сауда аймағы болғанын көрсетеді [6, 60 бет].

Байпаков еңбектерінде Отырар айырықша стратегиялық және экономикалық орталық ретінде сипатталады. Ол Сырдарияның орта ағысында, далалық және егіншілік аймақтарының тоғысында орналасып, бірнеше бағыттағы керуен жолдарын бақылап отырды. Отырартөбе, Кедер, Весидж, Чилик секілді оазис қалалары жол бойындағы тұрақты қоныстар жүйесін құрады. Моңғол шапқыншылығы кезеңінде Отырар күйзеліске ұшыраса да, кейін XIV ғасырда қайта жанданып, қайтадан транзиттік сауда орталығына айналды. Байпаков зерттеулерінде қаланың қайта өркендеуінің сәулеттік және жоспарлау ерекшеліктері кең ашылған. Осылайша, Отырараның тағдыры айқындалды: цитадель жойылып, қала тұрғындары түгелдей қырып-жойылды, аман қалғандар тұтқынға алынып, қоршау жұмыстарына мәжбүрлі еңбек күшіне айналды [5, 25 бет].

Қазақстан аумағы арқылы өткен Жібек жолының тармақтарын зерттеген К.М. Байпаков оңтүстік бағыттан тарайтын солтүстік және шығыс жолдардың Дешті Қыпшақ, Сарыарқа, Ертіс бойы, Алтай мен Моңғолияға дейін жалғасқанын дәлелдейді. Археологиялық материалдар Сарысу, Кеңгір, Жезді аңғарларында, Ұлытау мен Ертіс өңірінде ортағасырларда егіншілік пен қала мәдениеті дамыған оазистердің болғанын көрсетеді. Бұл аймақтар металлургия орталығы ретінде ерте кезден халықаралық саудаға тартылып, Жібек жолының құрамдас бөлігіне айналды.

Оңтүстіктен Орталық Қазақстанға өтетін негізгі жолдар Шавғар мен Тұрлан асуы арқылы, Отырардан Сарысу бойымен Ұлытау мен Ертіске дейін, сондай-ақ Сузак пен Бетпақдала арқылы Жезқазғанға жететін бағыттардан тұрған. Тараздан өтетін ежелгі «Хан жолы» Мойынқұм мен Бетпақдаланы кесіп өтіп, Атасу мен Ұлытауға шыққан. Жетісу өңірінің Іле аңғары Сарысу және Балқаш маңымен байланысқан қосымша магистраль рөлін атқарған. Солтүстік-Іле бағыттары Жоңғар қақпасы мен Ертіс бойындағы қимақ қалаларымен сабақтасып, мемлекеттік орталықтармен тұрақты сауда қатынасын қамтамасыз еткен.

Есіл бойындағы Бозоқ қалашығы X-XIV ғасырларда Сарыарқа жолдарының тоғысындағы ірі саяси және транзиттік орталық ретінде ерекшеленеді. Жібек жолының батысқа бағытталған тармақтары Арал өңірі арқылы өтіп, Орал бойындағы қалаларға шыққан. Оның ішінде Сарайшық Алтын Орда кезеңінде сауда, қолөнер, идеология және ислам мәдениетінің маңызды орталығына айналды. Қаладан табылған монеталар, шыны және фарфор бұйымдары, сәулеттік кешендер оның халықаралық байланыстарын айқындайды. Осы деректердің барлығы Қазақстан аумағындағы Жібек жолының көптармақты жүйесі қалалық мәдениеттің, металлургияның және аймақаралық байланыстардың дамуында шешуші рөл атқарғанын көрсетеді [6, 100 бет].

Қорытынды. К.М. Байпаковтың ғылыми зерттеулері Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының тарихи дамуын кешенді түрде ашып көрсетеді. Ол Жетісу, Сырдария бойы, Іле аңғары, Орталық және Батыс өңірлеріндегі қалалық жүйенің қалыптасуын сауда жолдарының эволюциясымен тығыз байланыста қарастыра отырып, Жібек жолының тек көлік дәлізі ғана емес, өркениеттік коммуникация кеңістігі болғанын дәлелдеді.

Ғасырлар ағымында Жібек жолының тармақтары өзгеріп отырды: бір кезеңдерде кейбір бағыттар басым мәнге ие болса, өзгелері өз маңызын жоғалтып, сол жолдардағы қалалар мен керуентораптары біртіндеп құлдырап кеткен [7, 9 бет].

Зерттеушінің еңбектерінде әр кезеңдегі бағыттардың өзгеруі саяси, экономикалық және геостратегиялық факторларға тәуелді болғаны анықталды. Испиджаб, Тараз, Отырар, Талхир, Қаялық сияқты қалалар халықаралық сауда орталықтары ретінде ғана емес, мәдениет, дін, ғылым, өндіріс пен қолөнер таралуының маңызды ядролары ретінде сипатталады. Археологиялық, жазба және нумизматикалық деректерді кешенді талдау арқылы Байпаков Қазақстанның Еуразиядағы транзиттік рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеді.

Осылайша, К.М. Байпаковтың зерттеулері Жібек жолының Қазақстан аумағындағы күрделі тармақталған құрылымын, оның аймақтық қалалар жүйесінің қалыптасуы мен өркениеттік өзара ықпалдастықтағы маңызын айқын көрсетіп, бұл бағыттағы отандық тарихнаманың теориялық және методологиялық негізін қалыптастырды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байпаков, К. М. Древние города Казахстана [Текст]. - Алматы: Аруна, 2005. - 316 с. : ил. - (Детская энциклопедия Казахстана). - Библиогр.: с. 314-316. - ISBN 9965-26-048-6.
2. Байпаков, К., Нұржанов, А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 208 б.
3. Байпаков, К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XIII вв.). - Алма-Ата: Наука, 1986. - 256 с.
4. Шабыкина, Л. По Великому Шёлковому пути = Along the Great Silk Road : фотоальбом / Л. Шабыкина, О. Таланова (сост.) ; К. Байпаков, Р. Насыров (авт. текста) ; М. Велижанина, А.

Терещенко (пер. на англ.) ; О. Белялов [и др.] (фотогр.). - Алматы : КРАМДС-реклама, 1991. - 311, [9] с. : ил. - Текст рус. и англ. - 40 000 экз. - ISBN 5-86636-127-2.

5. Байпаков, К. М. По следам древних городов Казахстана: (Отрарский оазис) / К. М. Байпаков ; отв. ред. С. М. Ахинжанов ; Академия наук Казахской ССР, Институт истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова. - Алма-Ата : Наука КазССР, 1990. - 205, [2] с. : ил. - 2000 экз. - ISBN 5-628-00636-X.

6. Байпаков, К. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). - Алматы: Адамар, 2007. - 496 с. - ISBN 9965-884-06-4.

7. Байпаков К. М., Воякин Д. А. Казахстанский отрезок Великого Шёлкового пути в серийной номинации ЮНЕСКО. - Алматы : Б. и., 2011. - 152 с.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН МЕТАЛЛУРГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ: ТАЛДЫСАЙ ҚОНЫСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ

Артурқызы Н.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Адильбаев А.М.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Электрондық адресі: nursayaarr@gmail.com
Қарағанды қ.

Еуразия кеңістігіндегі қола дәуірі өндірістік мәдениетінің қалыптасуында Орталық Қазақстан ерекше тарихи-өркениеттік аймақ ретінде белгілі. Табиғи-ресурстық орта мен геологиялық құрылымдардың ерекшеліктеріне байланысты Сарыарқа өңірі ерте кезеңнен бастап түсті металлургияның маңызды орталықтарының біріне айналды. Археологиялық, геологиялық және топонимиялық деректер бұл аумақтағы ежелгі шаруашылық жүйелерінің негізін мыс, қалайы және алтын қорларын игеру мен оларды өндеуге негізделген тау-кен өндірісі құрағанын анық көрсетеді.

Жезқазған, Қонырат, Кенқазған, Саяк, Бозшакөл тәрізді ірі кентасты аудандарды көне кеншілердің игеруі аймақтық шаруашылық құрылымының өзіндік сипатын қалыптастырып, Сарыарқаның экономикалық дамуы мен мәдени эволюциясында шешуші рөл атқарды. Өңір топонимиясындағы «Жезді», «Жезқазған», «Алтынтөбе», «Темірші», «Нілді» сияқты атаулар өндірістік дәстүрдің ұзақ мерзімдік сабақтастығының маңызды куәгерлері болып табылады [1, 42 б.].

Осындай тарихи-географиялық және экономикалық контекст жағдайында Талдысай қонысы Орталық Қазақстан қола дәуіріндегі металлургия тарихын зерттеуде репрезентативті, эталондық археологиялық нысан ретінде қарастырылады.

Аймақтың көне тау-кен ісін ғылыми тұрғыдан зерделеу ХХ ғасырдың алғашқы жартысында жаңа қарқынмен дамыды. Бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің басында тұрғын Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бастаған қазақ геологтарының еңбегі айрықша атап өтіледі. Жезқазған кен ауданының табиғи-геологиялық құрылымын зерттеу барысында Қ.И. Сәтбаев пен Н.Валукинский сияқты мамандар аймақтың тек өндірістік ғана емес, тарихи-мәдени маңызын да негіздей отырып, кейінгі археологиялық зерттеулерге методологиялық база қалыптастырды [2, 33 б.].

Археологиялық ғылымда Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазақстанның ежелгі металлургиялық мәдениетін кешенді түрде сипаттап, қола дәуіріне тән өндірістік-шаруашылық құрылымдардың ғылыми моделін жасады. Ғалымның еңбектері Жезқазған-Ұлытау аймағын Еуразиядағы ерте металлургияның жетекші орталықтарының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді [3, 21 б.].

Кейінгі кезеңде С. Берденов көне металлургия тарихына арналған материалдарды жүйелеп, аймақтың металлургиялық дәстүрін ғылыми тұрғыдан жалпылады. Осы ғылыми негіздердің жалғасы ретінде Талдысай қонысын арнайы зерттеу жобалары іске қосылды.

Талдысай археологиялық ескерткіші ғылыми ортаға 1992 жылы археолог Ж.Е. Смаиловтың барлау жұмыстары нәтижесінде белгілі болды. Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі табиғи-жер бедері мен су арналарының өзгеру үрдістерін талдау барысында қоныстың бар екендігі алғаш рет анықталған болатын.

1994 жылдан бастап бұл нысан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (жетекшісі-Ж.Құрманқұлов) тұрақты зерттеу объектісіне айналды. Экспедиция құрамында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші мамандары - А.С. Ермолаева, Ж. Жетібаев, А.З. Бейсенов, А.М. Манапова, Д.А. Байтілеу, Ж.С. Қалиева, А.У. Бірмұханова, Ж.Утубаев, Е. Дубягина, Р. Мусаева және басқа зерттеушілер жұмыс жүргізді [4, 11 б.].

Зерттеу жұмыстарының пәнаралық сипаты Геолого-географиялық зерттеу орталығының (профессор Б.Ж. Аубекеров басшылығымен) геоархеология зертханасының қатысуымен кеңейе түсті.